



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

» 2023 ж.

**«Мал шаруашылығы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 08110500 «Зоотехния» мамандығының 3W08110501-«Құс өсіруші», 3W08110502-«Мал шаруашылығы шебері», 4S08110503-«Техник-құс өсіруші», 4S08110504-«Зоотехник» біліктіліктері үшін педагог қызметкерлерді аттестаттауға арналған «Мал шаруашылығы» пәні бойынша тест.

| № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|---|---|---|--|
| 1 | Ауыл шаруашылық малдарының анатомиясының негіздері мен физиологиясы | 1 | Ауыл шаруашылық малдарының қаңқасы. Қан, жүрек – қаңтамыр, тыныс алу, ас қорыту және несеп-жыныс жүйелерінің құрылысы |
| 2 | Ауыл шаруашылық малын азықтандыру | 2 | Қорытылатын құнарлы заттардың құрамы бойынша азық құнарлығын бағалау. Азықтық энергетикалық қоректілігі, азықтар мен азық қоспаларын жіктеу мен бағалау. |
| 3 | Мал түліктерін өсіру негіздері. | 3 | Жануарлардың экстерьері мен конституциясы. Сұрыптау әдістері: генотипі, мал ұрпағының сапасы бойынша сұрыптау. Мал өсіру әдістері |
| 4 | Ірі қара мал шаруашылығы | 4 | Ірі қара мал тұқымдары, сыртқы дене мүшелеріне баға беру, сиырдың сүттілігін анықтау, ІҚМ ет өнімдері. Төлдерді өсіру технологиясы |
| 5 | Қой шаруашылығы | 5 | Қой тұқымдары, өнімдері. Қойды асылдандыру жұмысы және өсіру әдістері. |
| 6 | Жылқы шаруашылығы | 6 | Жылқы тұқымдары. Оның экстерьері мен конституциясы. Жылқы өнімдері. |
| 7 | Түйе шаруашылығы | 7 | Түйе тұқымдары, оларды асылдандыру жұмыстары. Түйе өнімдері және оны азықтандыру. |
| 8 | Шошқа шаруашылығы | 8 | Шошқа тұқымдары мен ет өнімі. Шошқаны өсіру және тораиларды күтіп бағу әдістері. |
| 9 | Құс шаруашылығы. | 9 | Құс тұқымдары және экстерьері. Құс өнімдері. Инкубация. Құс өсіру технологиясы |

| | | | |
|----|---|----|---|
| 10 | Ауа ортасына қойылатын зоогигиеналық талаптар | 10 | Ауа температурасын өлшеу әдістері мен құралдары. Атмосфералық қысымды, ауаның ылғалдылығын анықтау. Жел қозғалысының жылдамдығын анықтау. Мал қораларының ауасындағы көмірқышқыл газының, аммиактың, күкіртті сутегінің және көміртегі тотығының мөлшерін анықтау. |
| 11 | Суға қойылатын зоогигиеналық талаптар | 11 | Су сынамаларын алу. Суды физикалық қасиеттері бойынша бағалау. Судың химиялық құрамын зерттеу әдістері. Суды бактериологиялық және гельминтологиялық зерттеу. |
| 12 | Топыраққа қойылатын зоогигиеналық талаптар | 12 | Топырақты санитариялық-топографиялық зерттеу. Топырақты гельминт құрттарына және бактериаларға зерттеу. Топырақ сынамаларын алу. Топырақтың механикалық құрамын және физикалық қасиетін зерттеу. |
| 13 | Мал азығына және азықтандыруға қойылатын зоогигиеналық талаптар | 13 | Азықтарды зерттеу әдістері. Сынамалар алу. Ірі азықтарды санитариялық-гигиеналық бағалау әдістері. Улы және зиянды өсімдіктермен танысу. Сулы және көлемді азықтарды санитариялық-гигиеналық бағалау. Құнарлы және ақуызды азықтарды санитариялық-гигиеналық бағалау. |
| 14 | Жайылымға қойылатын зоогигиеналық талаптар | 14 | Жануарларды жайылымда күтіп, бағуға дайындау және жайылымдарды пайдалану жүйелері мен әдістері |
| 15 | Мал қора-жайларына қойылатын зоогигиеналық талаптар | 15 | Қора жайдағы ауа алмасу көлемін көмірқышқыл бойынша есептеу. Қора жайдағы ауа алмасу көлемін ылғалдылық бойынша есептеу. Мал қораларының жылу тепендігін есептеу |

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Ауылшаруашылық малдарының анатомиясының негіздері мен физиологиясы: Қан, жүрек –қантамыр, тыныс алу, ас қорыту және несеп-жыныс жүйелерінің құрылысын зерттеу әдістері.

Ауыл шаруашылық малдарын азықтандыру: Азық құрамындағы қорытылатын құнарлы заттардың құрамы бойынша азық құнарлығын бағалау әдістері.

Мал түліктерін өсіру негіздері: Малдарды генотипі, ұрпағының сапасы бойынша сұрыптау. Мал өсіру әдістерін қолдану.

Ірі қара мал шаруашылығы: Ірі қара мал тұқымының қалыптасуына және өзгергіштігіне әсер етуші жағдайлар. Ірі қара мал тұқымдарын бағытына және сапасына қарай жіктеу. Мал өсіру әдістері туралы түсінік және оларды жіктеу.

Қой шаруашылығы: Әр түрлі өнім бағытындағы қойлардың сыртқы пішіні, ішкі құрылысы, дене бітімі биологиялық және өнімдік ерекшеліктерін, өнімділік түрлерін сипаттау.

Жылқы шаруашылығы: Жылқыны бағалау және сұрыптаудың ерекшеліктері мен әдістері. Жылқы шаруашылығында жұп таңдауды ұйымдастыру, оның түрлері. Жылқы өсіру әдістері.

Түйе шаруашылығы: Түйенің сыртқы пішіні, биологиялық және өнімділік ерекшеліктері. Түйелерді пайдалану және түйеден алынатын өнімдер.

Шошқа шаруашылығы: Шошқаның биологиялық және өнімділік ерекшеліктері. Шошқаның еттілік және майлылық қасиеттерін бағалау әдістері.

Құс шаруашылығы: Жұмыртқа өнімділігі, оның физиологиялық негізі, көрсеткіштері, есептеу және бағалау әдістері. Әр түрлі құстардың еттілік қасиеттері.

Ауа ортасына қойылатын зоогигиеналық талаптар: Атмосфералық ауаның көрсеткіштері. Мал қора ауасын санитариялық-гигиеналық тұрғыдан бағалаудың негіздері.

Суға қойылатын зоогигиеналық талаптар: Су және суару гигиенасы. Суға қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар. Мал шаруашылығы кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету. Судың физикалық және химиялық құрамын анықтау

Топыраққа қойылатын зоогигиеналық талаптар: Топырақтың жалпы зоогигиеналық маңызы. Топырақтың физикалық, биологиялық қасиеттері. Топырақты ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қорғау шаралары.

Мал азығына және азықтандыруға қойылатын зоогигиеналық талаптар: Азықтың сапасын анықтау әдістерін меңгеру. Азықтандыруға дайындалған азықтарды сақтау орындары мен сақтау жағдайларына санитарлық баға беру.

Жайылымдарға қойылатын зоогигиеналық талаптар: Малды жайылымда күтіп-бағу гигиенасы. Малды жайылымда бағуда дайындау және ауыстыру.

Мал қора-жайларына қойылатын зоогигиеналық талаптар: Ауа алмасу көлемін ылғалдылық бойынша есептеу. Мал шаруашылығы ғимараттарының жылу тепе-теңдігін есептеу. Мал қораларын жобалаудың нормативтік кешені. Құрылыс материалдарына қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар. Қоралардың бөліктерін зоогигиеналық тұрғыдан бағалау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. А.В. Бакай, В.Ф. Красота и др. «Животноводства» М.: Агропромиздат, 1985.
2. Жолшыбек Т. «Мал шаруашылығы» Фолиант, 2009
3. Нұрғазы Қ.Ш. «Мал шаруашылығы практикум» Агроуниверситет баспасы, 2011
4. Г.И.Азимов, В.И.Бойко, А.П.Елисеев «Анатомия и физиология сельскохозяйственных животных» М.,Колос, 1978.
5. В.А.Аликаев «Зоогигиена», Москва: Колос, 1970.
6. Н.С. Кауменов «Ветеринарлық гигиена және санитария» Қостанай, 2018 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті



(Қолы)

(Т.А.Ә)

«__» _____ 202__ ж.







